

"Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 26 қазандағы № 477 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 801 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 13 қарашада № 8906 тіркелді

Азаматтық авиация саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 26 қазандағы № 477 бұйрығына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6649 болып тіркелген «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 16 наурыздағы № 90-93 (26495) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу қағидаларына:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Азаматтық әуе кемелерінде қосымша келесі белгілер енгізіледі:

- 1) пайдаланушы (авиакомпания) атауының жазылуы фюзеляждың бетіне екі жағынан;
- 2) пайдаланушының (авиакомпания) эмблемасы тік жазықтық арттағы қанаттануының екі жағынан;
- 3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Жалауының бейнесі мөлшері мемлекеттік және тіркеу тану белгілерінің мөлшерлеріне сәйкес фюзеляждың тұмсық бөлігінің екі жағынан;
- 4) әуе кемесінің түрін көрсету фюзеляждың екі жағынан, тік шрифтпен, фонға қанық;

Дайындаушы зауыт енгізген әуе кемесінің түрі деген белгіні сақтау ұсынылады.»;

17-тармақ алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Мемлекеттік органдардың Интранет порталында о р н а л а с т ы р ы л у ы н ;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев